«Зейне-ана» балалар бақшасы» меңгеруші жанындағы кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Қатысқаны: барлық педагогтар 17.09.2021ж

Күн тәртібінде:

1. COVID-19 коронавирустықинфекцияның таралуына жол бермеу санитарлық-эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейту. Алгаритмнің сақталуын қадағалау.(меңгеруші Муханова Майра Калжановна)

2. 2021-2022 оқу жылының жұмысын ұйымдастыруды талдау.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.Жылдық перспективалық жоспарлар. Күн тәртібі,ҰОҚ-нің кестесі. (әдіскер Кулманова Раушан)

3. Балаларды есепке алу, балалардың қозғалыс нәтижесі.Ас мәзірі, тағам сапасы, асхана тазалығы, санитарлық ережелердің қатаң сақталуы. (медбике Мededбекова Ырыс)

1.Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Мадина Калиаскарова сөз бастап,тәрбиеленушілердің, педагогтердің, басқа да қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, жұмыста осы нұсқаулыққа қоса әдістемелік ұсынымдарды пайдаланып, инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейтіп санитарлық-эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейтуді талап етті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13»тамызындағы №345 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда қызмет түрін ұйымдастыруда:

1.санитарлық гигиеналық шаралардың қатаң сақталуы;

2. ұйымдастырылған оқу қызметін үйде отырған балаларға қашықтық форматта жүргізу;

3.кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру болып отыр, демек осы талаптың деңгейінен көріне білуіміз керек.

Барлық санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шаралары қатаң түрде сақталсын, ауысым, дезинфекция, кварцтеу, желдету, бір мезетте ата-аналардың көп шоғырлануын болдырмау шаралары сақталып, күн сайын балалардың келуіне мониторинг уақытылы жедел түрде жүргізілуін баса айтты. Жеке бас гигиенасын сақтаудан бастап дезинфекциялық жұмыстардың талапқа сай жүргізілуін қамтамасыз ету керек.Мектепке дейінгі ұйымда нормативтік құқықтық актілерде белгіленген санитариялық-эпидемиялогиялық талаптарды қатаң сақтау.

Осы айтылған тапсырмалардағы қарастырылған талаптарды бұлжытпай орындағанда жұмыстың нәтижелі болатынын ескертті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, мекеме әдіскері Кулманова Раушан балабақшадағы топтардың жаңа оқу жылына дайындығына тоқталмас бұрын биылғы жылғы орын алып отырған пандемияның біздің жұмысымызға көлеңкесін түсіріп отырғанын айтты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13»тамызындағы №345 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда қызмет түрін ұйымдастыруда:

1.санитарлық гигиеналық шаралардың қатаң сақталуы;

2. ұйымдастырылған оқу қызметін үйде отырған балаларға қашықтық форматта жүргізу;

3.кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру болып отыр.Жұмыс барысында карантиндік шаралардың сақталуы, алгаритм бойынша топта 15 баладан артық болмауын қатаң сақтап, үйдегі балаларды да қашықтықтан дамытуды ұйымдастырып отырғанына тоқталды. Оқу жылының басында типтік бағдарламалар мен әдістемелік нұсқаулықтардағы өзгертулер мен толықтыруларды пед. кеңесте егжей-тегжейлі талқыланғанын айтып, сол бағдарламаларға сүйене отырып жылдық жоспар, перспективалық жоспарлар құрылып, күн тәртібі, ҰОҚ-нің кестесі дайын болып барлық топтарға таратылып берілгенін айтып өтті. Топтарда ата-аналар бұрышы жаңартылып әр топ өзінің жас ерекшеліктеріне сай өзгертілгенін және 5-білім беру сала бойынша бұрыштарға жаңа өзгерістер енгізіліп, әр топ тәрбиешісі өз шығармашылықтарымен безендіргенін айта отырып, әліде толықтыруды қажет ететін кейбір

топтарды атап өтті.Бақылау бойынша әлдеде бұрыштарға жаңа өзгерістер енгізілуі керек екенін және табиғат бұрыштарына күнтізбелік папканың балалардың жас ерекшеліктеріне сай жасақталуы мен толықтырулар қажет екенін айтты. Әдіскер Раушан Кулманова аталған топтарға өз ойын айтып, әлдеде топ бұрыштарын жаңашылдықпен толықтыруды талап етті.Осы сұрақ бойынша топ тәрбиешілері бір ауыздан қараша айының 15-ші жұлдызына дейін уақыт беруін сұрады. уақыт тым кештігін айтып, қарашаның 1-ші жұлдызына дейін ғана уақыт беріліп, дер кезінде есеп беруді талап етті.

Күн тәртібіндегі үшінщі мәселе бойынша медбике Ырыс Медедбекова сөз алып, балалардың қатысымы мен аурушаңдығына қысқаша есеп берді, себебі пандемияға байланысты жаз бойы бөбекжай-бақшасының жұмысы тоқтап, енді ғана басталып жатырғанына қуанышын білдірді.Бөбекжай-бақшадағы бос орынның санын жариялап, балаларды тіркеп қойып отырмыз. Өздеріңіз біліп отырғандай кезекші топтарға 15 баладан артық бала шақыра алмаймыз. Балалардың денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қазіргі кездегі короновирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейтіп санитарлық-эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейтуді талап етілуде.Кезекші топтарда барлық санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шаралары қатаң түрде сақталсын, ауысым, дезинфекция, кварцтеу, желдету, бір мезетте ата-аналардың көп шоғырлануын болдырмау шаралары сақталып, күн сайын балалардың келуіне мониторинг уақытылы жедел түрде жүргізілуін қадағалап отырамыз. Оның ішінде:короновирустық инфекцияның жалпы аурулардың алдын алу, желшешек ауруы, жедел респираторлық аурулардың алдын алу, ішек құрт ауруларының алдын алу және жеке бастың гигиенасын сақтау жөнінде кеңестер берілді. Күнделікті тексеру барысында ас әзірлейтін бөлмелер мен қоймалардың санитарлық жағдайы, қойма мен ас бөлмелерін жуу жұмыстары, асхананың тазалығы мен санитарлық жағдайының талапқа сай екенін,санитарлық ережелердің қатаң сақталуының орындалуы туралы тоқталып өтті.

Ас мәзірінің орындалуына қойылатын талаптар өз деңгейінде орындалуда. Тамақтану тәртібі балалардың жас ерекшелігіне қарай уақытымен, кесте бойынша таратылады.

Тамақтану үлесінің калорийлігі, тағамдарды дәрумендендіру, тамақ дайындаудағы технологиялық талаптарды орындау мен дайын тамақтың сақталу мерзімін бақылауда ұстаймын.

Қаулы етеді:

1. COVID-19 коронавирустықинфекцияның таралуына жол бермеу санитарлық-эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейте отырып, алгаритмнің сақталуын қатаң түрде қадағалау орындалсын.

Жауапты: медбике

Бақылаушы: меңгеруші

2021-2022 оқу жылының жұмысын ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп танылып, айтылған ұсыныстар мен ескертпелерді уақытында орындап жүйелі жұмыс жалғасын тапсын.

Жауапты: әдіскер

Бақылаушы: меңгеруші

Балаларды есепке алу мен балалардың қозғалысы бойынша жасалған жұмыстар, ас мәзірі, тағам сапасы, асхана тазалығы, санитарлық ережелер қатаң сақталсын.Осы бағытта жасалып жатырған жұмыстарды қанағаттанарлық деп танып, одан әрі жүйелі жұмыс жалғасын тапсын.

Жауапты: медбике

Бақылаушы: меңгеруші

Төрайым: М.К.Калиаскарова

Әдіскер: Р.К.Кулманова

Хатшы: Ф.М.Алдангарова

«Зейне ана» балалар бақшасының меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

№2 ХАТТАМА

Арыс қаласы 2021 ж. 04- казан

Қатысушылар саны: 13

Күн тәртібінде:

1. Жылыту маусымына дайындық
2. Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы
3. «Күз берекесі» ертеңгіліктерінің сценарийін бекіту.Перспективалық жоспарларын бекіту.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жылыту маусымына дайындық жұмыстары бойынша балалар бақшасының шаруашылық меңгерушісі Н.Нұрманов тыңдалды. Ол өз сөзінде балалар бақшасының жылыту жүйесіндегі ақауларды анықтау мақсатында комиссия мүшелері құрылғандығын айтты. Тексеру нәтижесінде жылы су және жылыту жүйесі құбырларында, қазандық, соргыда ақаулар анықталып, оны жою барысында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ретке келтіргендігін айтты.Жылыту маусымына дайындық деңгейін тексеру мақсатында балалар бақшасында комиссия мүшелері құрылғанын айтып, олармен таныстырып өтті

Барлық комиссия мүшелері гимараттың ішкі жылыту жүйесінде ешқандай ақаулар мен кемшіліктер орын алмағанын айтып, балалар бақшасының жылыту жүйесі жылыту маусымына толық дайын- деп қорытынды жасағандығын айтты.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша балабақшаның медбикесі Р.Медетбекова тыңдалып, қазіргі елдегі болып жатқан жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысымен таныстырып өтті.
Күнделіктітанғы жаттығу балалар бақшасында денешынықтыру нұсқаушысы және тәрбиешінің жетекшілігімен күнделікті өз уақытында жүргізіліп отыратындығын айтты. Медбике өз сөзінде таңертеңгілік жаттығу балалардың дені сау, күнібойы сергек және көңілді жүруіне ықпал ететіндігін жеткізді.

Танертеңгі жаттығу жылдың жылы мезгілдерінде алаңда, ал суық кездерде дене шынықтыру залында өткізілетінін айтып өтті. Сонымен қатар, медбике балалармен күнделікті жұмыс процесінде олардың жеке гигиена ережелерін (қолдарын жуу, көбік шықанша сабындау және құргата сүрту, жеке орамал, ауыз шаятын стақанды қолдану) дұрыс орындауын үнемі бақылап отыратындығын

айтты. Барлық заттардың таза болуын қадагалап, гигиеналық сауықтыру шаралары күнделікті өз деңгейінде жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Тыңдалды:

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақшаның әдіскері Р.Кулманова тыңдалды. Топ тәрбиешілері балабақшада өткізілетін «Берекелі алтын күз» атты ертеңгіліктердің кестесімен таныстырып, сценарийлерін бекітіп берді. Ертеңгіліктер кестеге сәйкес, өз деңгейінде өткізілуін тапсырды.

Қаулы :

1. Балалар бақшасының жылыту жүйесі 2021-2022 жылдың күзгі қысқы жылыту маусымына толық дайын деп танылсын.
2. Топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысының нәтижесі қанағаттандырарлық деп танылсын.
3. «Берекелі алтын күз» ертеңгілігі сценарийлері қанағаттандырылды деп танылып, кестеге сай өткізілсін.

Комиссия төрайымы:
Балабақша меңгерушісі: М.Калиаскарова
Комиссия мүшелері: Р.Медетбекова
А.Мадалиева
Р.Кулманова

«Зейне ана» балалар бақшасының меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

№3 ХАТТАМА

Арыс қаласы 2022 ж. наурыз 2

Қатысушылар саны: 14

Күн тәртібінде:

1. Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі

2. Тамақтандыруды үйымдастыру сапасы

3. жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде І-жарты жылдықтағы балалардың білім алу дағдыларын анықтау мониторингін талқылау.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі М:Калиаскарова кеңесті ашык деп жариялады. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бақшамыздың медбикесі Р.Медетбекова тыңдалды. Медбике балалардың ауруға шалдыгуын талдап, жартыжылдық есебін берді. Ол өз сөзінде балалар көбіне әлсіз, кез келген ауруды бойына тез жүқтырғыш болып келетінін айтты. Жиі сырқаттанатын балалар - иммунитеті әлсіздер. Сәби қатты тұмауратса, иммунитеті әлсіреп, соның салдарынан инфекциялық аурулар созылмалы басқа ауруларга айналып кетуі мүмкін. Мысалы, тұмаудың соңы бронхит, отит, бронхиалды демікпеге үласу каупі басым.Қазіргі кезеңде короновирусқа шалдыққан адамдарда аз емес. Сондықтан да баланы таңертең бақшаға қабылдау кезінде міндетті түрде температурасын олшеп, тексеріп барып, кабылдағандығы дұрыс екендігін атап айтты. Бірақ біздің бақшамызда қуанышқа орай ондай асқынулар орын алган жоқ. Өйткені тұмаудың алғашқы белгілері анықталғаннан ата-анаға хабар беріп, балаға дер кезінде ем көрсетіледі.

Келесі кезекте медбике І жарты жылдықта атқарған жұмыстары бойынша есеп берді. Медбике өзінің басты міндеті балалардың денсаулығын сақтау, нығайту және шынықтыру екендігін айта келе, осы бағытта атқарған жұмыстары туралы айтып өтті. «Зейне ана» балалар бакшасының санитарлық жагдайы мен күн тәртібін қадағалау күнделікті жүргізіліп отырғанын айтты. Бақшамызда балалардың денсаулығын шынықтыру шаралары, күнделікті таза ауадағы серуен кестеге сай жасалып жатқанын жеткізді. Сонымен қатар жылына 2 рет антропометрия өткізу (бала бойы мен салмағын өлшеу) жұмысы жасалатынын айтты. Топтың кварңеваниесін және залалсыздандыруды, хлор сақтағыш құрамның мақсатты түрде пайдалануы жүйелі түрде қадағаланып түрады. Қысқы мезгілде тұмаудың алдын алу жұмыстары (оксолин жақпа майымен өңдеу) жүргізіледі.

Балабақша қызметкерлерін өз уақытында медициналық байқаудан өтуі үнемі өзінің бақылауында екенін айта келе, балабақшадағы балалардың денсаулығы және санитарлық-гигиеналық жағдайы өз қалпында- деп өз сөзін аяқтады.

1 .Медбикенің атқарған жұмыстарына оң баға беріліп, І жартыжылдық есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі келесі мәселе -тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы бойынша балабақшаның медбикесі Р.Медетбекова тыңдалды. Медбике бақшамызда баланың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салты мен тамақтану гигиенасының негізгі талаптары: - азық түліктердің құрамы; - сапасы мен көлемі; - тәртібі мен ұйымдастырылуы. Бақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен тамақ дайындау технологиясына аударылады. Тамақ әзірлеу ережелерін сақтап, ас мәзірін қадағалау жұмыстары бас медбикеге жүктеледі және ол балалардың дұрыс тамақтануын қадағалап отырады. Балабақшадағы балалардың тамақтану үдерісін қадағалау жұмыстарындағы медбикенің міндеттері:

- жеткізілген азық-түліктердің сапасын бақылау;

- сақтау мерзімінің талаптарын орындау;

- ас мәзірін құрамы, тағамдардың мөлшерін қадағалау;

- тағам дайындау технологиясы ережелерінің сақталуы;

- балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасын қадағалау болып табылады. Бас медбике балабақшадағы ас әзірлейтін бөлімнің санитарлық тазалығы мен қызметкерлердің жеке басының гигиенасын үстауын күнделікті тексеріп, топтағы балаларға тамақгардың жеткізілуін қадағалайды. Жеткізілген азықтүліктердің сапасы мен сақталу мерзімі, шарты, пайдалану уақытының бақылау жұмыстары күнделікті жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарға жеткізілетін тамақ өнімдері мемелекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес тексеріледі. Тез бұзылатын өнімдердің сагіа куәлігінде: сұрыпы мен санаты, пайдалану мерзімі, зертханалық мәліметтері, сақтау мерзімі көрсетілуі керек деп атап өтті. Медбике Р.Медетбекова бақшамызда күннің бірінші жартысында бала ағзасына пайдалы дәрумендермен байытылған және ақуыз бен майға қанықкан тағамдар берілсе, кешкі асқа тез қорытылатын жемістер мен көкөністер, сүт, өнімдері берілетінін айта келе балалардың дұрыс тамақтануы үнемі бақылауда екенін айтты.

Қаулы етті:

1. Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі қадағалауда болсын.

2. Балалардың дұрыс тамақтану сапасы жақсы деп бағаланып, дұрыс тамақтану үнемі қадағалауда болсын.

Балабақша меңгерушісі: М.Калиаскарова
Хатшы Ф.Алдангарова

«Зейне-ана» балалар-бақшасы меңгеруші жанындағы кеңес отырысының

№4 хаттамасы

Қатысқаны: барлық педагогтар 28.04.2022ж

Күн тәртібінде

1. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтың орындалуы.

2. Мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілген эксперименттік-тәжірибелік әрекеттің қортындысы.

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін шаруашылық меңгерушісі Нурманов алып, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтың орындалуын қадағалап жүргенін алға тартып, нұсқаулықты тағы да еске түсіріп, жаңадан келген қызметкерлерге таныстырды. Барлық қызметкерлерді 6 ай сайын нұсқаулықтың қайталанған түрімен таныстырады. Ең алдымен, тәрбиеші баланың қауіпсіздігі оның іс-әрекеттеріне байланысты екенін түсінуі керек. Балабақшада тәрбиеші балалардың тұрған жерлерін қараусыз қалдыруға құқылы емес. Таңертең жұмысқа келгенде, тәрбиеші топтағы барлық үй-жайларда ақаулықтардың бар-жоқтығын тексереді. Балабақшада балаларға күнделікті өмірде, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар жағдайында қарапайым қауіпсіздік ережелерін үйрету қажет.

Серуен кезінде тәрбиеші әр баланы қадағалап, оның тұрған жерін бақылап отыруы керек. Баланы тіпті үнемі ойнайтын ойын алаңында да қараусыз, жалғыз қалдыруға қатаң тыйым салынады.

Тәрбиешінің орны, оның үстелі әрдайым тәртіппен сақталуы керек. Көрінбейтін, өткір заттарды (инелер, қайшылар, шпилькалар, қағазға арналған пышақтар, т.б.) ұстамаңыз. Сондай-ақ, киімдеріне түйреуіштер мен инелерді қадауға қатаң тыйым салынады.

Жұмыс күнінің соңында тәрбиеші топты тексеріп, барлық электр аспаптарын өшіріп, бөлмені желдетіп, барлық терезелерді жауып кетуі керек.

Сөз соңында, төтенше жағдай кезінде дүрбелеңге салынбай, өз топтарының балаларын құтқару керек екендігін ескертті. Барлық нұсқауларды нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілікті сезінуі керек. Балалардың өмірін мүмкіндігінше көп қорғау үшін, осы мекеменің қызметкерлері өрт сөндіру жаттығулары мен өртті сөндіру әдістерінен өтуі керек.

2. Мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілген эксперименттік-тәжірибелік әрекеттің қортындысымен балабақша әдіскері Раушан Кулманова бөлісті. Эксперимент - қоршаған айналаны білу мен түсінудің тиімді әдісі. Эксперимент әдісінің артықшылығы:

- Бала бойындағы бар қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді:

Белсенді, қызыға білуді үйренеді; ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуды және тіл табыса білуді үйренеді; зияткерлік және жеке мәселелерді шешуге қабілетті болады; өзі, әлемі және табиғаты туралы алғашқы ойлары пайда болады; өз мінез-құлқын басқаруға және әрекетін жоспарлауға қабілеті артады; оқу әрекетіне қажетті білім, тәрбие алу үшін алғышарттар меңгереді.

Енді біздің алдымызда үлкен жұмыс тұр, бұл облыстық семинарды өткізу. Елдегі жағдайға байланысты семинарымыз әрине қашықтықтан өтеді, дегенмен де жауапкершілікті іс шара. Даража Қадірқызымен Алтын Аманкелдіқызына сәттілік тілеймін. Алдымыздағы оқу жылында экспериментпен жұмыс істеуге ниеттеніп отырған педагогтар болса, дайындық жұмысын осы қазірден бастай берулеріңізді сұраймын.

.Сонымен қатар әдіскер Раушан Кулманова, тәрбиешілерге, ең алдымен, жұмыстарына шығармашылықпен қарауды тапсырды. Тәрбиешілерге балаларды өздігімен және тәуелсіз әрекет етуге үйретуін, тікелей нұсқаулардан аулақ болуын, балалардың бастамаларын тоқтатпауын, өздері жасай алатын (немесе үйренуге болатын) нәрселерді балалар үшін жасамауын ескертті.

Қаулы етеді:

1. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтың қатаң орындалуы қадағалансын.

Жауапты: шаруашылық меігерушісі

Бақылаушы: меңгеруші

2. Тәрбиешілердің балабақша әдіскерінің ескертуіне, нұсқауына сай эксперименттік-тәжірибелік әрекеттер әрі қарай да қызықты етіп жасалуы қадағалансын. аулақ болуын, балалардың бастамаларын тоқтатпауын, өздері

Жауапты: әдіскер

Бақылаушы: меңгеруші

Төрайым: М.К.Калиаскарова

Хатшы: Ф.Алдангарова